




Жүргізілген кеңестер туралы
Есеп

Тақырыбы «Тәлімі жерлерде күздік бидай егу және тыңайтқыш қолдану»

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:
«23» тамыз 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орны:
Алматы облысы, Кеген ауданы,
Кеген ауылы, Жандосов 54 «Ынтымақ» ШҚ

Эксперт:  Сулейменова А.И.
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ
Топырақтану және агрохимия
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Басқарма Төрайымы



 Р.Х. Рамазанова
қолы, М.О.

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;

Ауыл шаруашылығы дақылдарын соның ішінде күздік бидай егілетін алқап топырақтарының құнарлығы мен тыңайтқыштарды ғылыми негіздерге байланысты қолдану, сонымен қатар агротехникалық шараларды жетілдіру дұрыс жүргізу.

2) қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;

Күздік дақылдардың ауыл шаруашылығында зор маңызы бар. Олар көктемде егін егуде және орақ кезінде жұмыстың қауырттығын кемітеді. Дәнді дақылдардың бірқатарын егу жұмысын күзге көшіру әрбір шаруашылыққа көктем жұмысын қысқа мерзім ішінде аяқтап ауылшаруашылық дақылдары егісін күту ісін және басқа жұмыстарды дер кезінде қолға алуға мүмкіндік береді. Күздік дақылдар жаздықтардан ерте піседі, мұның өзі әдетте, жаздық астық піскенше күздікті жинап алуға мүмкіндік береді. Сондықтан күздік егісі бар шаруашылықтарда еңбек ресурстары мен егіс жұмысында істейтін техника өнімдірек пайдаланылады.

Өсіп-жетілуі екі кезеңді өсімдік есебінде күздік дақылдар топырақтың ылғалын толығырақ пайдаланады. Сондықтан оларды өсіруге қолайлы аудандарда күздік дақылдар, жаздықтарға қарағанда, әрқашанда көп өнім береді.

Күздік дақылдан кейін егістік жер, жаздық дәнді дақыл егілген жермен салыстырғанда, арамшөптерден тазарақ болады. Сондықтан күздік дақылдар ауылшаруашылық дақылдарының көпшілігі үшін жақсы алғы дақыл болып есептеледі.

3) өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже;

Күздік бидайды аңызға еккенде, оның жаңа шыққан көгі парға еккенде жиі кездесетін топырақ боранының зиянды әсеріне ұшырамайды. Оның үстіне, аңызға егілетін күздік бидайдың көгі қыстың бас кезінен-ақ төмен (суық) температураның әсерінен қорғалған болады. Мұның мәнісі аңызға түскен қарды жел ұшырып әкете алмайды. Аңызға егу күздік бидайдың тамыр жүйесін қыс кезінде үзілуден аман сақтайды. Топырақта қоректік заттардың жеткілікті болуы және аңызға егілген күздік бидайды үстен қоректендіру оның ерте көктемде қаулап өсуін және мол өнімді болуын қамтамасыз етеді. Республиканың топырақ – климат аймақтарының жеке ерекшеліктері болуына байланысты, күздік бидайдың сорттарына белгілі бір талаптар қойылады. Өнімді арттыру, егіншілік мәдениетін арттыру және агротехникалық шараларды жетілдіру, минералды және органикалық тыңайтқыштарды қолдану ғылыми-зерттеу негіздеріне сүйене отырып қолдану қажет. Яғни, әрбір егін егетін алқаптардың кем дегенде әр бес жыл сайын топырақ құрамын арнайы зертханаларда анықтатып отыру қажет. Біздің

институтымызда егіс алқаптарының топырақ құрамына қарай минералды тыңайтқыштардың нормасын есептеу беруге мүмкіндігіміз бар. Бұл талдаулар егіс егетін шаруаларға экономикалық жағынан тиімді болады деп толық айта аламыз. Дақылдар үшін тыңайтқыш қолдану технологиясын сақтаудың да маңызы зор. Тыңайтқыш берудің мөлшері мен мерзімі барлық дақылдар үшін бірдей емес. Тыңайтқышты мезгіліне қарай енгізудің 3 тәсілі бар: 1-негізгі тыңайту, 2-тұқымды себу кезінде тыңайту, 3-үстеп қоректендіру. Негізгі тыңайтудың басты міндеті бүкіл вегетация кезінде қоректік элементтермен қамтамасыз ету. Сондықтан берілетін тыңайтқыштардың 70-80 пайызын негізгі тыңайтуда берген дұрыс. Көбінесе фосфор және калий тыңайтқыштарының басым көпшілігі топырақтағы ылғалдың немесе суару әсерінен оның терең қабатына шайылмайды. Демек оларды күзде негізгі тыңайту кезінде берген оңтайлы нәтиже береді деп айтуға болады.

4. Сарапшының қатысуымен консультациядан алынған сапалы фотосуреттер

